




тәжірибесі бар. Мысалы, соңғы екі жылда БҚИТУ Орал қаласы мен Батыс Қазақстан облысының жоғары инженерлік-технологиялық колледжі, Жоғары аграрлық-техникалық колледжі, Сервис және жаңа технологиялар колледжі, Ақсай техникалық колледжі, Инженерлік-экономикалық колледжі (Ақсай) сияқты колледждерімен іскерлік ынтымақтастығымыз белсенді дамып келеді.

Біздің әріптестеріміз жоғары колледждер, білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау бойынша жалпы орта білім беру және ТЖКБ білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ қолданбалы бакалаврларды даярлау бойынша орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратынын негізге аламыз. Олардың қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының мазмұны ТЖКБ білім беру бағдарламаларының пәндерін зерделеуді және бака-



Сапалы даярлау



лавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін енгізуді көздейді. Бұл жағдай ұқсас мамандықтар мен кадрларды даярлау бағыттары бойынша деңгейаралық интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде маңызды. Мысалы, мұнай-газ ісі, электр энергетикасы, құрылыс, көлік, тасымалдау мен қозғалысты ұйымдастыру, жерге орналастыру және кадастр, тіршілік қауіпсіздігі, ветеринария және т. б. бойынша. Мысалы, осы жылдың мамыр айында БҚИТУ ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығына Орал және Ақтөбе колледждерінің ұқсас мамандықтарының студенттері оқытатын пәндерді ескере отырып, бакалавриат бойынша 6807203 – азық-түлік өнімдерінің технологиясын жаңа білім беру бағдарламасын әзірлеп, сараптамаға береді. ЖОО-лардың бірлесіп және серіктес колледждердің интеграциялан-

ған білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеуі және кейіннен оларды іске асыруы колледж студенттерінің университетте жоғары білім алуына ыңғайлы және тиімді болмақ.

Жаңғір хан атындағы БҚАТУ, БҚИТУ мен олардың әріптес колледждері арасындағы өзара тиімді екі жақты байланыстарды дамыту, басқа жоғары оқу орындары сияқты қысқартылған оқу мерзімімен интеграцияланған білім беру бағдарламаларын құрумен шектелмейді.

Біз жоғары оқу орындары мен колледждердің интеграциясы мен ынтымақтастығының мынадай бағыттарын перспективалы деп санаймыз:

– Жоғары оқу орындарының кредиттік оқыту технологиясын енгізуде колледждерге әдістемелік көмек көрсетуі. Осылайша 2021 жылдың қаңтар айында БҚИТУ инженерлік-технологиялық факультетінің өкілдері жоғары инже-

нерлік-технологиялық колледжінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары үшін кредиттік оқыту технологиясына көшу мәселелері бойынша 10 сағаттық әдістемелік семинар өткізді. Семинарда ОҚТ-ға көшудің келесі өзекті мәселелері қарастырылды. Оқу процесін ұйымдастыру тәртібі, білім беру бағдарламаларының құрылымы мен әзірлемесі, пәндерді оқытудың әдістемелік кешендері / ПОӨК/; оқу жүктемесін жоспарлау, бөлу және орындау, элективті пәндерді оқуға білім алушыларды тіркеу, білім алушылардың жеке оқу жоспарын /ЖОЖ/ құру, студенттердің білімін бағалау, жазғы семестрлерді ұйымдастыру. Сондай-ақ білім беру ұйымдарының академиялық дербестігін кеңейтуге, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығының өсуіне, қос дипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын дамытуға байланысты ОҚТ-

ның даму үрдістері талқыланды. Семинарда білім беру ұйымдарында сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеу мәселелеріне ерекше назар аударылды;

– Жоғары оқу орындары мен колледждердің практика базаларын, кафедра филиалдарын студенттердің практикалық дайындығын ұйымдастыру және даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша кәсіби практикадан өту үшін бірлесіп пайдалану, оларда жоғары оқу орындары мен колледждердің арнайы пәндер оқытушыларының тағылымдамаларын ұйымдастыру;

– Дуальді оқытуды жүзеге асыру бойынша тәжірибе алмасу. Бұл бағытта колледждердің жұмыс тәжірибесі мол. Дуальді оқытуды пайдалана отырып, олардың білім беру бағдарламалары кәсіпорын базасында өндірістік оқытудың, кәсіптік практиканың кемінде 60-80%-ын қамтиды. Қазір ҚР БҒМ колледж студенттерінің еңбек өтіліне дуальді форматта оқу мерзімін қоса есептеу туралы ұсыныс енгізді. Бұл олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады. Дуальді оқытуды дамыту жоғары оқу орындары үшін де, колледждер үшін де қажет. Өйткені жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестікті, өндіріспен байланысты нығайтады, практикаға бағытталған оқытуды дамытуға жәрдемдеседі;

– ЖОО-лардың колледж оқытушылары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда оқу-әдістемелік көмегі, экономиканың тиісті салаларында кәсіби қызметтік тәжірибесі бар мамандарды оқыту процесіне бірлесіп тарту, шақыру;

– Кадрлар даярлауда озық педагогикалық тәжірибемен алмасу, педагогикалық зерттеулер жүргізуде, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, әдістемелік құралдарды әзірлеу мен олардың өзектілігін зерттеп, айқындау және оқу процесіне ендіруде бірлесу жұмыс

істеу, жоғары оқу орындары оқытушыларының колледждің білім беру бағдарламаларын сараптауы, ынтымақтаса жұмыс істеу мәселелерін талқылау бойынша жоғары оқу орындары мен колледждер кафедраларының бірлескен отырыстарын өткізу;

– ЖОО мен колледждердің оқытушылары мен студенттерінің өзара қызығушылық тудыратын бағыттар бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, оның ішінде бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру, бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, конкурстар, олимпиадалар ұйымдастыру;

– Отандық және шетелдік аккредиттеу органдарында институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өту бойынша тәжірибе алмасу. Аккредиттеуден өту білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының рейтингіне оң әсер етеді;

– Жоғары оқу орындарының еуропалық кеңістікте білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін колледждерде құруға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмегі;

– Жоғары оқу орындары мен колледждер арасындағы интеграцияны дамытуға қосымша серпін беру үшін, қажет болған жағдайда тәрбиелік, қоғамдық-саяси, спорттық-мәдени іс-шараларды бірлесіп өткізу.

Жоғары оқу орындары мен колледждер ынтымақтастығының барлық ұсынылған бағыттары ҚР БҒМ жүзеге асыратын білім беру саласындағы жоспарлы жүйелі өзгерістерге сәйкес келеді және білім берудің дамуы мен сапасын арттыруға жәрдемдеседі. Бұл іс жүзінде «өмір бойы білім алу» өзекті қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді. Әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануына көмектеседі.